

Күнделікті біржолғы талондардың құнын бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 2009 жылғы 20 қазандағы N 15/7-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Жарма ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 25 қарашада N 5-10-90 тіркелді. Күші жойылды - Жарма аудандық мәслихатының 2012 жылғы 05 маусымдағы N 3/33-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жарма аудандық мәслихатының 2012.06.05 N 3/33-V шешімімен (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 100-IV «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Заңының 36 бабы 1, 2 тармақтарына және Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы» Заңының 6 бабы 1-тармағы 15) тармақшасына сәйкес, Жарма аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Базарларда тауарларды сатумен айналысатын жеке тұлғалар үшін күнделікті біржолғы талондардың құны бекітілсін (№ 1 қосымша).

2. Қызметі мезеттік (жылына 90 күннен кем) сипаттағы және кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлғалар үшін күнделікті біржолғы талондардың құны бекітілсін (№ 2 қосымша).

3. Жарма аудандық мәслихатының «2004 жылғы 6 шілдедегі № 9-6 «Күнделікті біржолғы талондардың құнын бекіту туралы» шешіміне қосымша енгізу туралы» 2006 жылғы 7 ақпандағы № 27-3 (2006 жылы 16 ақпанда нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-10-23 болып тіркелген, 2006 жылғы 3 наурыздағы № 9 «Рауан-Восход» газетінде жарияланған), «Күнделікті біржолғы талондардың құнын бекіту туралы» 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 5/7-IV (2008 жылы 5 мамырда нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-10-62 болып тіркелген, 2008 жылғы 9 мамырдағы № 19 «Рауан-Восход» газетінде жарияланған) шешімдерінің күші

ж о й ы л с ы н .

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Б. Төлеутаев

Мәслихат хатшысы

Д. Садықов

Жарма

аудандық

мәслихатының

2009

жылғы

20

қазандағы

№ 15/7-IV шешіміне № 1 қосымша

**Базарларда тауарларды сатумен айналысатын
жеке тұлғалар үшін:**

Рет-тік нөмірі	Кәсіпкерліктің түрі	Күнделікті талонның құны	біржол
1	Ет сату - 1 орын	428 теңге	
2	Азық-түлік тауарларына	337 теңге	
3	Киім-кешек тауарлары	220 теңге	
4	Күнбағыс майы	220 теңге	
5	Балық	168 теңге	
6	Көкөніс пен жеміс	220 теңге	
7	Тұқым және отырғызу материалдары	65 теңге	
8	Балмұздақ (1 тоңазытқыштан)	168 теңге	
9	Мал азығын қолдан сату	311 теңге	
10	Мал азығын көліктен сату	1179 теңге	

Жарма

аудандық

мәслихатының

2009

жылғы

20

қазандағы

№ 15/7-IV шешіміне № 2 қосымша

**Қызметі мезеттік сипаттағы және кәсіпкер ретінде тіркелмеген
жеке тұлғалар үшін (жылына 90 күннен кем)**

Рет-тік нөмірі	Кәсіпкерліктің түрі	Күнделікті талонның құны	біржол
1	Сату (тұрақты үй-жайларда жүзеге асырылатын қызметтен басқасы)		
а	Газеттер мен журналдар	65 теңге	

б	Тұқым, отырғызылатын (екпелер, көшет)	сондай-ақ материал	65 теңге
в	Бақша дақылдары: қолдан сату көліктен сату		272 теңге 583 теңге
г	Саяжай және үй учаскелерде табиғи гүлдер	маңындағы өсірілген	130 теңге
д	Қосалқы ауыл Бақшашылық және учаскелерінің өнімдері	шаруашылығы. саяжай	130 теңге
2	Жер жөніндегі иелерінің қызметі	учаскелерін жеке өндеу трактор көрсететін	194 теңге
3	Үй жануарлары бағу	мен құстарын	100 теңге

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК